



## БҮЙРЫҚ

19.11.2014 ж. 3-1/600

## ПРИКАЗ

№

Астана қаласы

город Астана

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Казақстан Республикасының Әділет министрлігі  
Нормативтік күкіншілдік мемлекеттік нормативтік документтерді қарастыру жөндерінде

Нормативтік күкіншілдік акті 2014 жылғы 22 «12» Нормативтік күкіншілдік  
кеңес мемлекеттік нормативтік документтерді қарастыру жөндерінде № 9987 болып енгізілді

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес

## БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндіре департаменті осы бүйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Ауыл шаруашылығының вице-министрі Г.С. Исаеваға жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Каржы министрі

Б. Сұлтанов

2014 жылғы « »

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Жердік экономика министрі

Е. Досаев

2014 жылғы « »

026556

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2014 жылғы « »  
№ бүйрөгімен  
бекітілген

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары(бұдан әрі – Қағидалар) асыл тұқымды мал үлесін және ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділік сапасын арттыру, өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін мал азығының құнын арзандату мақсатында отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі – тауар өндірушілер), бірінші және екінші деңгейлі өндірістегі бордақылау аландарынан мал бордақылау бойынша қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларға, бордақылау үшін біріншіденгейлі өндірістегі бордақылау аландарына бұқашықтарды жеткізууді жүзеге асыратын дайындау үйымдарға, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық үйымдарға, жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған, жалпы табында асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларға, мемлекеттік ветеринариялық үйымдарға және қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізушилерге (бұдан әрі – жеткізушилер) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде және іс-шаралар есебінен бюджеттік субсидиялар (бұдан әрі – субсидиялар) беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тұқымдық түрлендіру – аналық мал басын тұқымдық және өнімділік өсімін молайтуда асыл тұқымды аталықтарды пайдалану жолымен сапасын жақсарту;

2) селекциялық карточка – селекциялық жануарды есепке алуны саны;

3) сатып алынған асыл тұқымды және селекциялық малдарды пайдалану туралы келісім – тиісті аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің (бұдан әрі - бөлім) басшысы және тауарөндіруші арасында қол қойылған, сатып алынған асыл тұқымды және селекциялық малды нысаналы пайдалану бойынша тауарөндіруші қабылдаған міндеттемелерді растайтын құжат;

4) аналық мал басы – жыныстық жетілген, төл алу үшін пайдаланылатын аналық мал басы;

5) шағылыстыру маусымы – ауыл шаруашылығы жаңуардың өсімін молайту кезеңі;

6) жалпы табын – жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған ірі қара мал табыны.

7) малды бордақылау бойынша көрсетілетін қызметтер – жеке меншігінде бордақылауға арналған бұқашықтары бар жеке және занды тұлғаларға бірінші және екінші деңгейлі өндірістегі бордақылау аландары ұсынатын мал бордақылау бойынша ақылы қызмет.

### 3. Субсидиялауға жататын бағыттар:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға:

асыл тұқымды ірі қара малдың, қойлардың, маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен, сондай-ақ бал араның ұсымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу;

асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу;

асыл тұқымды қой, жылқы, шошқа, түйе, марал сатып алу;

отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан асыл тұқымды тәуліктік балапандар мен ата-енелік нысанды құстардың етті және жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқаны сатып алу;

жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған, жалпы табында өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті, сүтті және қос бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу;

жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара мал мен қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-га дейін өтеу;

асыл тұқымды орталықтар мен асыл тұқымды жаңуарлардың ұрықтарын өткізу жөніндегі дистрибутерлік орталықтардың (бұдан әрі – дистрибутерлік орталық) ауыл шаруашылығы жаңуарларын қолдан ұрықтандыруды жүргізуі үшін пайдаланылатын арнайы технологиялық жабдықтарын сатып алу;

2) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға:

бірінші деңгейлі өндірістегі бордақылау аландарына бұқашықтарды өткізу;

сиыр етін, жылқы етін, қой етін (қозы еті), түйе етін, шошқа етін, құс еті және күрке тауық етін (бұдан әрі – құс еті), жұмыртқалағыш кроссты тауық жұмыртқасын (бұдан әрі – тағамдық жұмыртқа), сүт, қымыз, шұбатты, биязы жүнді койлардың жүнін (бұдан әрі – биязы жүн) өндіру құнын арзандату;

ірі, шырынды, құрама жемшөптен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату.

4. Бюджеттік субсидиялар нормативтері осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген.

Жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаражат есебінен жүзеге асырылатын жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың және қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-га дейін

өтеуді, асыл тұқымды және дистрибутерлік орталықтар сатып алған ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы технологиялық жабдықтардың құнын арзандатуды, маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен және бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарды жүргізу, ірі, шырынды, құрама жемшөп пен жемшөп қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандатуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар нормативтері, сондай-ақ өлшемдер мен талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен (бұдан әрі – Министрлік) келісім бойынша облыс әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

5. Осы Қағидалардың З-тармағында көрсетілгенасыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері 20 қантардан кешіктірмей жергілікті бюджеттерде тиісті бюджеттік бағдарламалар бойынша ағымдағы қаржы жылына көзделген қаражат шегінде жыл сайын Министрлікпен келісім бойынша облыс әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

## **2. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттырудың субсидиялау тәртібі**

6. Тауар өндірушілердің субсидияларды алының қажетті шарты осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген тиісті бағыттарға, сонымен қатар облыс әкімдігінің қаулысымен бекітілген өлшемдер мен талаптарға сәйкестігі, бүкіл ауыл шаруашылығы мал басын зоотехникалық нормаларға сәйкес күтіп-бағуы және ветеринариялық-шараларды жүзеге асыруы болып табылады.

7. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру құнын арзандатуға субсидиялар тауар өндірушілерге:

1) есептік нөмірлері бар сою аландарында (пункттерінде) және (немесе) қайта өндеу кәсіпорындарында (цехтарында) өткізілген немесе өнделген сиыр еті, қой еті, жылқы еті, шошқа еті, түйе еті, сүт және биязы жүннің;

2) құс етінің, тағамдық жұмыртқаның, қымыз және шұбаттың өткізілген нақты көлеміне төленеді.

### **8. Субсидиялауга мыналар жатпайды:**

1) осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген өлшемдер мен талаптарға, сонымен қатар облыс әкімдігінің қаулысымен бекітілген өлшемдер мен талаптарға сәйкес келмейтін тауар өндірушілердің малдары мен мал шаруашылығы өнімдері;

2) шағылыштыру маусымы бойында өз төлінен өсіріп-өндіру және етті бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды (асыл тұқымды тұқымдық

кошқарларды) ротациялауда зоотехникалық нормативтерге сәйкес (шагылыстыру контингентінің отыз басына бір бұқадан (кошқардан) кем болмауы, бір бұқаны (кошқарды) қатарынан екі шагылыстыру маусымынан артық пайдаланбау) талаптарын ұстанбауда тауарлы шаруашылықтағы ірі қара малдың (қойлардың) барлық аналық мал басы, сондай-ақ Ресей Федерациясынан, Белоруссия Республикасынан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды тұқымдық бұқаны пайдалағанда;

3) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізудің бірыңғай ақпараттық базасында (бұдан әрі – АТЖ) және ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендірүжөніндегі деректер базасында (бұдан әрі – АЖС) өтінім берген сәтте тіркелген мал басының саны бойынша ауытқуларға ие шаруашылықтағы ірі қара малдың және қойдың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс;

4) бұрын субсидияланған, сондай-ақ айырбас бойынша өзара есеп айырысу есебіне сатып алынған немесе өнімділікті молайту максатында пайдаланылмайтын асыл тұқымды және селекциялық ірі қара мал, асыл тұқымды қой, жылқы, түйе, шошқа, марал, асыл тұқымды құс шаруашылығы өнімі;

5) ағымдағы жылы ағымдағы шығылыстыру кезеңінде мынадай бағыттар бойынша субсидияланған жануарлар: селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарын жүргізу, жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған жалпы табында өз төлінен өсіріп-өндіру үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу;

6) шетелден әкелінген (Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы және Украинадан әкелінген асыл тұқымды ірі қара малды қоспағанда), индекстік жүйе бойынша бағаланбаған асыл тұқымды ірі қара мал; шетелден әкелінген, өзінің өнімділігі немесе ұрпағының сапасы бойынша бағаланбаған асыл тұқымды бұқалар;

7) тұқымсыз өз төлінен өсіріп-өндіру үшін пайдаланатын және асыл тұқымды өндірушілер бағаламаған асыл тұқымды аналық мал басы;

8) тауар өндірушілер одан әрі қайта өткізу және (немесе) қайта өндеу үшін басқа жеке және (немесе) занды тұлғалардан сатып алған өнім;

9) тауар өндірушілер айырбас бойынша, өзара есеп айырысу есебіненөткізілген немесе бұрын субсидияланған өнім;

10) жеке аулада сойылған сиыр еті, шошқа еті, қой еті, жылқы еті, түйе еті, сондай-ақ қайта өндеу кәсіпорындарында бастапқы қайта өндеуден өтпеген сүт;

11) жануарларды мәжбүрлі санитариялық сою нәтижесінде, сондай-ақ жіті инфекциялық аурулар бойынша карантиндік және шектеу іс-шараларының әрекет ету кезеңінде тауар өндірушілер алған өнім;

12) етті құс шаруашылығының жанама өнімдері – аяқтары, бастары, сондай-ақ ішкі органдары;

13) жұмыртқа ұнтағын өндіру үшін өткізілген және (немесе) берілген тағамдық жұмыртқа.

9. Тауар өндірушілерге субсидиялар бағыттардың мынадай басымдылықтарына сәйкес төленеді:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға:

ірі қара малдың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарын жүргізу;

қойлардың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарын жүргізу;

асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу;

асыл тұқымды қойларды сатып алу;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бағытталған басқа да бағыттар;

2) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруға:

бұқашықтарды бірінші деңгейлі бордақылау аландарына өткізу;

сиыр еті өндірісінің күнын арзандату;

сүт өндірісінің күнын арзандату;

салқындастылған құс еті өндірісінің күнын арзандату;

мал шаруашылығы өнімдерінің қалған түрлері өндірісінің күнын арзандату.

Бұл ретте асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыты басым болып табылады.

Алынған бұқашықтардың кем дегенде жартысын бірінші және екінші деңгейлі өндірістегі бордақылау аландарына және/немесе дайындау үйімдарына өткізген, ірі қара малдың аналық мал басымен асыл тұқымды және селекциялық жұмыстарын жүргізуі жүзеге асыратын тауарөндірушілер басымдылық тәртіппен субсидияланады.

10. Облыс әкімі облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасары төрағалық ететін мал шаруашылығын субсидиялау мәселелері жөніндегі облыстық комиссияны (бұдан әрі – комиссия) құрады.

11. Комиссия тұрақты негізде жұмыс істейді. Комиссия әтырысы айна бір реттен кем емес жүргізіледі. Комиссияның құрамына басқарманың, Министрліктің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің және Ветеринариялық қадағалау және бакылау комитетінің аумақтық инспекцияларының мамандары, жергілікті өкілетті органдар депутаттары, сондай-ақ Кәсіпкерлердің өңірлік палаталары мен мал шаруашылығы саласында қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді. Қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің саны комиссияның жалпы құрамынан жартысынан кем болмауы керек. Комиссияның жұмыс органы ауыл шаруашылығы басқармасы болып табылады (бұдан әрі - басқарма).

12. Комиссияның құзыретіне тауар өндірушілердің өтінімдері бойынша тиесілі субсидиялар көлемін анықтау, облыс бойынша жиынтық актіні

қалыптастыру, субсидиялау бағыттары бойынша қаражатты қайта бөлу және субсидиялар көлемін өзгерту жөніндегі ұсыныстарды енгізу кіреді.

13. Жыл сайын 20 қантарға дейінгі мерзімде тиісті ауданың ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі - бөлім) аудан әкімдігінің интернет-ресурсына және ауданың ресми баспа басылымдарында субсидиялауға арналған өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру орналастырады.

14. Тауар өндірушілер тиісті негіздердің туындауына қарай осы Қағидалардың З-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес субсидиялауға жататын нақты көлемдерге субсидиялар алуға өтінімдерді осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша бөлімге банк шотының нөмірін көрсете отырып, оның болуы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық поча операторы анықтамасын қоса ұсынады.

Тұқымдық түрлендірілген ірі қара мал мен қойдың аналық мал басына селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізуге субсидия алу үшін, тауарөндірушілер кейін қағазға шыгарып, қол қойып және бөлімге беріп, АТЖ арқылы субсидия алуға өтінімді қалыптастырады.

Селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізуді субсидиялау бағыты бойынша АТЖ арқылы субсидия алуға өтінімді қалыптастырган кезде, тауар өндіруші субсидия алуға өтінімде банк деректемелері мен банк шотының нөмірін көрсетеді. Мұндай жағдайда шоттың болуы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық поча операторы анықтамасын қоса берудің қажеті жок.

15. Тауар өндірушілер субсидиялау бағыттарына сәйкес субсидиялар алу үшін өтінімге қосымша төмендегі құжаттарды қоса береді:

1) асыл тұқымды шаруашылықтарда және асыл тұқымды зауыттарда асыл тұқымды қойлардың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:

ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы технологиялық жабдықтың болуын растайтын құжаттардың түпнұсқасы және көшірмесі немесе қойлардың аналық мал басына қолдан ұрықтандыру жүргізуға асыл тұқымды және дистрибутерлік орталықпен жасасқан шарттың түпнұсқасы және көшірмесі;

2) асыл тұқымды зауыттарда және асыл тұқымды шаруашылықтарда маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу:

шаруашылықты жүргізу кітабынан немесе мал басының бары туралы 24-ауыл шаруашылығы нысаны есебінен үзінді;

3) асыл тұқымды шаруашылықтарда араның балұсымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу:

шаруашылықты жүргізу кітабынан немесе араның бал ұясының бары туралы 24-ауыл шаруашылығы нысаны есебінен үзінді;

4) асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу;

жануарларды сатып алу өткізу/лизингілеу шартының түпнұсқасы мен көшірмесі;

жануарларды сатып алу өткізу шарты бойынша толық төлем жасауды растайтын төлем құжаттарының түпнұсқалары мен көшірмелері;

осы қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарларды кіріске алу актісінің түпнұсқасы мен көшірмесі;

тауарөндірушіден карантиннен алу туралы актісінің түпнұсқасы және көшірмесі (шетелден асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алған жағдайда);

осы қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды пайдалану туралы келісім;

ДНК-куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі (тұқымдық бұқаларды шетелден сатып алған жағдайда);

5) асыл тұқымды қойларды, жылқыларды, түйелерді, шошқаларды және маралдарды сатып алған жағдайда:

асыл тұқымды жануарларды сатып алу-сату/лизинглеу шартының түпнұсқасы мен көшірмесі;

асыл тұқымды жануарларды сатып алу-сату шарты бойынша толық төлем жасауды растайтын төлем құжаттарының түпнұсқалары мен көшірмелері;

асыл тұқымды малдың асыл тұқымдық куәлігінің (сертификатының) түпнұсқасы мен көшірмесі;

осы қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарларды кіріске алу актісінің түпнұсқасы мен көшірмесі;

осы қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес сатып алынған асыл тұқымды жануарларды пайдалану туралы келісім;

6) асыл тұқымды тәуліктік балапандарды және ата-енелік нысанды құстардың етті және жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқаны сатып алу:

асыл тұқымды құс шаруашылығы өнімін сатып алу-сату шартының түпнұсқасы мен көшірмесі;

асыл тұқымды құс шаруашылығы өнімін сатып алу-сату шарты бойынша толық төлем жасауды растайтын, төлем құжаттарының түпнұсқалары мен көшірмелері;

сатып алынған асыл тұқымды тәуліктік балапандардың және асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқаның асыл тұқымдық куәлігінің (сертификатының) түпнұсқасы мен көшірмесі;

осы қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құсты кіріске алу актісінің түпнұсқасы мен көшірмесі;

құстарды еденде және торлы жағдайда ұстап-бағуға арналған технологиялық құрылғылардың болуын растайтын құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі;

7) жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған, жалпы табында өз төлінен өсіп-өндіруге арналған етті, сүтті және қос бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу:

осы қағидаларға 7- қосымшаға сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан қалыптастырылған жалпы табында етті, сүтті және қос бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды бекіту және пайдалану жөніндегі елді мекен тұрғындары-малдардың иелері жиынының шешімі.

осы жалпы табындағы тұқымсыз бұқаларды кестіру туралы, ауылдық округке бекітілген ветеринарлық дәрігер берген ақытама;

8) жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды жеткізушіге 100 %-ға дейін өтеу:

жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шарттың түпнұсқасы мен көшірмесі;

осы қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың бір аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шығындарды есептеу-ақытамасы;

осы қағидаларға 5-қосымшаға сәйкеснисан бойынша ұрықтандырылған ірі қара малдың аналық мал басын ұрықтандыру туралы актінің және тексеру жүргізу актісінің түпнұсқалары мен көшірмелері;

отандық асылдандыру орталығынан (асылдандыру орталықтарынатараптылмайды) ұрықты сатып алуға шарттың түпнұсқасы мен көшірмесі;

9) бұқашықтарды бірінші деңгейлі өндірістік бордақылау аландарына өткізу:

бұқашықтарды бордақылау аландарына сатып алу-сату шартының түпнұсқасы және көшірмесі;

осы қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұқашықтарды бордақылау аландарына қабылдап алу-беру актісінің түпнұсқасы мен көшірмесі;

10) сиыр еті, жылқы еті, қой еті (козы еті), түье еті, шошқа еті, құс еті, тағамдық жұмыртқа, сүт, қымыз, шұбат, биязы жұн өндірісінің құнын арзандату:

өнімді өткізуді және өнімнің толық төленгенін растайтынқұжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері;

тауар өндірушіге тиесілі емес кәсіпорынның қызметін пайдаланғанда малды сою және алғашқы қайта өндеу бойынша көрсетілген қызметтерді растайтын құжаттардың (шарт, шот-фактура, төлем құжаттары) түпнұсқалары мен көшірмелері;

өнімді өткізуге тауар-көліктік жүккүжаттардың тізілімі, өнімді жекеменшік өндеу кәсіпорындарына немесе цехтарына өткізген жағдайда өнімге берілген жүккүжаттардың көшірмелері;

шаруашылықты жүргізу кітабынан немесе 24-ауыл шаруашылығы нысаны есебінен үзінді, АЖС-дан үзінді;

ірі қара малды бордақылау бойынша қызметтерді сатып алғанда, қосымша ұсынылады:

ірі қара малды бордақылау бойынша жеке және заңды тұлғаларға көрсетілген қызметтерді растайтын (бірінші және екінші деңгейлі бордақылайтын алаңдардан мал бордақылау қызметтерін сатып алушарты, көрсетілген қызметтер актісі, мал бордақылау қызметтерінің толық төлегенін растайтын құжаттар) құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері;

жеке және заңды тұлғалармал бордақылау бойынша қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған бордақылау алаңдарының осы Қағидаларға З-қосымшада көрсетілген өлшемдер мен талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелері;

11) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру үшін пайдаланылатын арнайы технологиялық жабдықты сатып алу:

ауыл шаруашылығы жануарларының аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы технологиялық жабдықты сатып алуға арналған сатып алу-сату шартының түпнұсқасы және көшірмесі;

тауарлардың құнын төлеу актісінің түпнұсқасы және көшірмесі;

12) ірі, шырынды және құрама жемшөппен жемшөп қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату:

шаруашылықты жүргізу кітабынан немесе ауыл шаруашылығы мал басының бары туралы 24-ауыл шаруашылығы нысаны есебінен үзінді;

осы қағидаларға 9-қосымшага сәйкес нысан бойынша ірі, шырынды және құрама жемшөппен жемшөп қоспаларын дайындауға шығындастың анықтама-есебі;

. жер участкерлерін жемшөптік дақылдарға және (немесе) шабындық жайылымдық алқаптарға тарға бөліп беру туралы актінің түпнұсқасы және көшірмесі және/немесе ірі, шырынды және құрама жемшөппен жемшөп қоспаларын сатып алуға арналған шарт.

16. Құжаттардың түпнұсқалары салыстырудан кейін көшірмелерімен бірге тауар өндірушіге қайтарылады.

17. Тауар өндірушілер субсидия алынатын өтінімде көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Кұс фабрикалары құс өнімінің өткізілген көлеміне алынатын субсидиялардың айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында субсидия алуға өтінімдер «Қазақстан құс өсірушілер одағы» заңды тұлғалар бірлестігіне жіберіледі, ол субсидиялар алуға өтінім берілген өнім көлемінің қолда бар қуаттылыққа сәйкестігін тексергеннен кейін кәсіпорының технологиялық картасына сәйкес өтінімдерді облыстық Комиссияның жұмыс органдына жібереді.

18. Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар алу үшін өтінім беруші тауарөндірушілер өлшемдердің өнімділік деңгейі бойынша сәйкестігін

расташы құжаттарды бір рет ұсынады. Өндірістің жоғарғы деңгейіне ауысқан жағдайдағында расташы құжаттар ұсынылады.

19. Бөлім асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау және мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру мақсатында субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар алуға өтінімдерді нөмірленген, тігінделген және мөрмен бекітілген арнайы журналдарға тіркейді.

20. Бөлім осы Қағидалардың 3-тармағының<sup>1)</sup> тармақшасында көрсетілген субсидиялау бағыттары бойынша өтінім беруге негіз пайда болған сәттен бастап күнтізбелік бір жылдан аспаған, осы Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген бағыттар бойынша үш айдан аспаған өтінімдерді қабылдайды.

21. Бөлім субсидия алуға берілген өтінімді алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде тауар өндірушілердің құжаттар топтамасын осы Қағидаларға 6, 7, 8-тармақтарындағы көрсетілген талаптарға сәйкестігіне тексереді.

Мынадай жағдайларда бөлім көрсетілген мерзім ішінде тауар өндірушінің қызмет орнына зоотехникалық есепті жүргізу дің алғашқы құжаттарын (малдың қозғалысы туралы есепті, өнім өндіру журналын қоса алғанда) салыстырып тексеру үшін жол журуді жүзеге асырады:

- 1) жеке бағыт бойынша алғашқы рет субсидия алуға өтінім беру;
- 2) өндіріс деңгейін арттыру өткен айда субсидия алу өтінімен салыстырғанда;
- 3) жеке бағыт бойынша берілген өтінім көлемдерінің өткен айдың өтінімдерінен жиырма пайыздан аса артық болғанда.

Осы Қағидардың 2 және 3-қосымшаларында көрсетілген өлшемдер мен талаптарға сәйкес еместігі анықталған, сондай-ақ субсидиялар алуға берілген өтініш құжаттарының топтамасы толық емес ұсынылған жағдайда екі жұмыс күні ішінде тауар өндірушілерге ілеспе хат арқылыбарлық сәйкессіздіктерді көрсетіп дәлелді негізdemемен қайтарады.

Тауар өндірушілер түзетілген немесе толықтырылған субсидия алу өтінімін қайта енгізе алады.

22. Ұсынылған құжаттар осы Қағидаларда белгіленген өлшемдермен талаптарға сәйкес келген және өтінімдерді қайтарып беруге негіздер болмаған жағдайда, бөлім тауар өндіруші субсидия алуға өтінімде ұсынған деректерді екі жұмыс күні ішінде тексереді: АТЖ-де мал басын тіркеу туралы, АЖС мен АТЖ-де мал басы санын салыстыруды жүргізеді, АТЖ-де ғылыми-консалтингтік сүймелдеу туралы шартының болуы, АЖС-де асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малға асыл тұқымды куәліктің (сертификаттың) немесе селекциялық карточканың болуы.

23. Бөлімтауар өндірушілердің субсидия алуға өтінімдерін субсидиялау бағыттары бойынша төмендегі құжаттармен толықтырады:

- 1) ірі қара және қойлардың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу – осы қағидаларға 10-қосымшага сәйкес

нысан бойынша (АТЖ-ден) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу туралы үзінді;

2) асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды/қойды сатып алу–осы қагидаларға 10-қосымшага сәйкеснысан бойынша (АТЖ-ден) селекциялық және асыл тұқымды малдарды сатып алғаны туралы үзінді;

3) жалпы табында етті бағыттағы асыл тұқымды бұқаларды күтіп-багу–осы қагидаларға 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша (АТЖ-ден) жалпы табындағы етті, сүтті және қос бағыттағы асыл тұқымды бұқаларды күтіп-багу туралы үзінді;

4) бұқашықтарды бордақылау аландарына өткізу – осы қагидаларға 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу туралы, осы қагидаларға 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша (АТЖ-ден) бұқашықтарды бордақылау аландарына өткізу туралы үзінді және АЖС-ден жануарлардың шығуы туралы есеп;

5) сиыр еті, жылқы еті, қой еті (қозы еті), түе еті, шошқа еті өндірісінің құнын арзандату – АЖС-ден жануарлардың шығуы туралы есеп.

24. Бөлім тауарөндірушінің осы Қагидаларға 3-қосымшада көрсетілген өндірістің тиісті деңгейіне сәйкестігін айқындауды және осы Қагидаларға 11-қосымшага сәйкес нысан бойынша аудан бойынша жиынтық актіні құрайды және аудан әкімімен бекітіледі. Аудан бойынша бекітілген жиынтық акті субсидия алуға өтінімдер болған жағдайда екі аптада бір реттен сирек емес басқармаға ұсынылады. Бөлімсубсидия алуға өтінімдерді раставу құжаттарының көшірмелерін және сатып алынған асыл тұқымды және селекциялық жануарларды пайдалану туралы келісімнің түпнұсқасын үш жыл бойы сақтайды. Бөлім басқармаға берілетін құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

25. Басқарма асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша аудан бойынша жиынтық актілерін жеке журналдарға тіркейді.

Басқарма үш жұмыс күні ішінде бөлім ұсынған аудан бойынша жиынтық актілерді осы Қагидалардың өлшемдері мен талаптарына тауар өндірушілердің сәйкестігін қарастырады. Сәйкес келмеген жағдайда басқарма оларды тіркеген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей аудан бойынша жиынтық актілерді қайтарып беру себептерін көрсете отырып, пысықтау үшін бөлімге қайтарып береді. Бөлім бес жұмыс күні ішінде түзетілген және толықтырылған жиынтық актіні басқармаға қайта енгізеді, ал мүмкін болмagan жағдайда көрсөтілген мерзім ішінде қайтарып беру себептерін көрсете отырып, субсидия алуға өтінімді тауар өндірушіге қайтарады.

26. Сәйкес болған жағдайда, басқарма аудандар бойынша жиынтық актілерді комиссия өткізілетін күні комиссияның қарауына жібереді.

27. Комиссия отырыстың қорытындысы бойынша осы Қагидаларға 11-қосымшага сәйкес нысан бойынша тауар өндірушілерге тиесілі

субсидиялардың көлемін көрсете отырып, облыс бойынша жиынтық акті жасайды.

28. Бұрын макұлданған, бірақ қаржыландырылмаған немесе ішінара қаржыландырылған өтінімдерді қоса алғанда, басым бағыттардың біреуі бойынша өтінімдерді қанағаттандыру үшін қаражат толық көлемде жетіспеген жағдайда комиссия жетпеген қаражатты осы Қағидалардың 10-тармагында көрсетілген басымдылығы кемірек бағыттардан жетіспейтін қаражатты қайта бөлу туралы ұсыныс енгізеді.

Комиссия субсидиялау бағыттары бойынша субсидия алуға өтінімдерді басымдылығы жоғарырақ бағыттар бойынша қайта бөлу үшін қажетті қаражатты есепке ала отырып, қанағаттандырады.

Комиссия бағыттардың бірі бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруға субсидия алу үшін бірнеше өтінімдерді қарастырған кезде деңгейі жоғарыларға жатқызылған тауар өндірушілердің өтінімдеріне басымдылық беріледі. Қаражатты бір деңгейге жатқызылған тауар өндірушілердің арасында бөлген кезде басымдылық тәртібі бойынша өнімді еңбектің жоғары өнімділігін қамтамасыз ететін заманауи технологиямен өндіруді жүзеге асыратын тауар өндірушілер субсидияланады.

Қалған қаражат берілген өтінімдердегі тиесілі субсидиялардың көлемдеріне сәйкес пропорционалды бөлінеді. Тауар өндірушіге тиесілі субсидиялардың төленбеген қалдығы бар болған жағдайда келесі ай (лар)дың бос қаражатынан төленеді.

29. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуда субсидиялау бағыты бойынша қаражат жетпеген жағдайда, комиссия мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттарынан қаражаттарды қайта бағыттау туралы ұсыныс енгізеді.

30. Тауар өндірушілер мен жеткізушілер берген өтінімдердегі субсидиялар көлемдері тиісті бюджеттік бағдарламалар бойынша тиісті жергілікті бюджетте көзделген сомадан артқан жағдайда, комиссияның ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті жергілікті бюджетті бекіту туралы маслихаттың шешіміне өзгеріс енгізу арқылы бағыттар арасында қаражатты қайта бөлу мүмкін.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары арасындағы сомалар өзгерген жағдайда Министрліктің келісімі бойынша облыс әкімінің қаулысына тиісті өзгерістер енгізіледі.

31. Комиссия тәрағасы комиссия ұсынған облыс бойынша жиынтық актіні үш жұмыс күні ішінде бекітеді.

32. Басқарма тауар өндірушілердің банк шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды аударуды қазынашылықтың аумақтық бөлімшелеріне төлем шоттарын үш жұмыс күні ішінде беруі арқылы жүзеге асырады.

33. Басқарма ай сайын комиссияның тауар өндірушілердің өтінімдерін қарau нәтижелері туралы ақпаратты облыс әкімінің интернет-ресурсының

арнайы бөлімінде жариялады және осы Қагидаларға 12-қосымшага сәйкес нысан бойынша бюджеттік қаражаттардың игерілуі туралы есепті Министрлікке жолдайды, сондай-ақ тоқсан сайын облыс бойынша жиынтық акт бекітілген күннен кейін осы Қагидаларға 13-қосымшага сәйкес нысан бойынша үш жұмыс күні ішінде бөлімге облыс бойынша төленген субсидиялардың көлемі туралы ақпаратты жолдайды.

34. Сатып алғанған ірі қара мал мен қойлардың төліне алған субсидиялар, жүргізілген селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар(ірі қара мал үшін 2014 жылдың 15 шілдесінен, содан соң ағымдағы жылдың 1 маусымнан және қой үшін ағымдағы жылдың 1 қыркүйектен бастап) жалпы табында ұсталатын етті, сүтті және қос тұқымды асыл тұқымды тұқымдық бұқалар, бордақылау аландарына өткізілген бұқашықтар туралы мәліметті басқармадан тауар өндірушілерге төленген субсидиялардың көлемдері туралы ақпарат түсken күннен бастап он жұмыс күні ішінде бөлім АЖС-ға енгізуі тиіс.



Асыл тұқымды мал  
 шаруашылығын дамытуды, мал  
 шаруашылығы өнімінің өнімділігі  
 мен өнім сапасын арттыруды  
 жергілікті бюджеттерден  
 субсидиялау қағидаларына  
 1-қосымша

### Бюджеттік субсидиялар нормативтері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
<b>Iрі қара мал шаруашылығы</b>			
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан үрықтандыруды үйымдастыру	бас	*
2.	Ауыл шаруашылығы малдарын қолдан үрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы технологиялық жабдықтарды асыл тұқымды және дистрибутерлік орталықтармен сатып алу құнын арзандату	бірлік	*
<b>Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы</b>			
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу		
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	18 000
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000
3)	жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бүқаларды күтіп-бағу	бас	104 000
2.	Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу***		
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан және Канададан)	бас	200 000
3)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Еуропа елдерінен)	бас	154 000
4)	импортталған асыл тұқымды селекциялық ірі қара мал		118 000
3.	Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-деңгей	кг	300



2)	2-денгей	кг	170
3)	3-денгей	кг	100
4.	Бұқашықтарды субсидиялаудың бірінші деңгейіндегі бордақылау алаңдарына немесе операторға өткізу	бас	24 000
5.	Iрі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*

**Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы**

1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу		
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000
2)	жалпы табында сүтті және қос бағыттағы аталық-бұқаларды ұстап-бағу	бас	104 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу**		
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан, Канададан)	бас	235 000
3)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Еуропа елдерінен)	бас	154 000
4)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Ресейден, Белоруссиядан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды малды қоса есептегендеге)	бас	118 000
3.	Сүт өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-денгей	кг	25
2)	2-денгей	кг	15
3)	3-денгей	кг	10
4.	Iрі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*

**Етті бағыттағы құс шаруашылығы**

1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу	бас	300
2.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқаны сатып алу	дана	100
4.	Құс еті өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-денгей	кг	70
2)	2-денгей	кг	66
3)	3-денгей	кг	50
4)	күрке тауық еті	кг	105

<b>Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы</b>			
1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу	бас	120
2.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқаны сатып алу	дана	50
2.	Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-денгей	дана	3
2)	2-денгей	дана	2,6
3)	3-денгей	дана	2
<b>Шошқа шаруашылығы</b>			
1.	Асыл тұқымды шошқаларды сатып алу*	бас	15 000
2.	Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату	кг	98
<b>Қой шаруашылығы</b>			
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды үйимдастыру	бас	*
2.	Ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнаиы технологиялық жабдықтарды асыл тұқымды және дистрибутерлік орталықтармен сатып алу құнын арзандату	бірлік	*
3.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу		
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы	бас	1 500
2)	асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымдық аналық қой басы	бас	1 500
4.	Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу**	голов	8 000
5.	Қой еті (қозы еті) өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-денгей	кг	200
2)	2-денгей	кг	100
6.	Биязы жүні өндірісінің құнын арзандату	кг	130
7.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*
<b>Жылқы шаруашылығы</b>			
1.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу**	бас	40 000
2.	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату:	кг	92
3.	Кымыз өндірісінің құнын арзандату:	кг	60

92

4.	Iрі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*
<b>Түйе шаруашылығы</b>			
1.	Асыл тұқымды түйелерді сатып алу	бас	37 000
2.	Түйе еті өндірісінің құнын арзандату	кг	90
3.	Шубат өндірісінің құнын арзандату	кг	55
4.	Iрі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*
<b>Марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы)</b>			
1.	Асыл тұқымды маралдарды (бұғыларды) сатып алу	бас	30 000
2.	Маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	бас	*
3.	Iрі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*
<b>Бал ара шаруашылығы</b>			
1.	Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	бал ара ұясы	*

Ескертпе:

\* субсидиялар нормативтері Министрлікпен келісім бойынша облыс әкімдігінің қаулысымен бекітіледі;

\*\*асыл тұқымды және/немесе селекциялық малдарды сатып алу бекітілген нормативке дейін субсидияланады, бірақ оны сатып алу құнының 50% артық емес.

